

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми Кеңесінің кезектен тыс мәжілісі хаттамасы

02 ақпан, 2026 ж. Сағат 16:00-де
Бас оқу ғимараты, Мәжіліс залы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Бахтиярова Сара Бахтиярқызының** 70 жасқа толуына арналған салтанатты мәжіліс.



Университеттің Басқарма Төрағасы-ректоры м.а. Д.М.Абдрашева: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, қадірлі қонақтар! Бүгін біз Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Бахтиярова Сара Бахтиярқызының** 70 жасқа толуына арналған университет Ғылыми кеңесінің салтанатты мәжілісіне жиналып отырмыз.

Сара Бахтиярқызы – саналы ғұмырын ұлт руханиятына, қазақ тілі мен әдебиеті ғылымына арнаған көрнекті ғалым, білікті ұстаз. Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына, жоғары білімді мамандар даярлау ісіне елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде Сара Бахтиярқызы – университетіміздің ғылыми-оқытушылық әлеуетін айқындайтын беделді тұлғалардың бірі.

Ғалымның ғылыми еңбектері отандық әдебиеттану ғылымындағы маңызды зерттеулер қатарына жатады. Оның ғылыми мұрасы – қазақ әдебиетінің көркемдік табиғатын, рухани тереңдігін танытатын құнды еңбектер.

Құрметті Сара Бахтиярқызы!

Сіз ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, жас ұрпаққа сапалы білім беріп, шәкірт тәрбиелеу ісіне де айрықша үлес қосып келесіз. Сіздің жетекшілігіңізбен білім алған шәкірттер еліміздің әр өңірінде абыройлы еңбек етіп, ғылым мен білім саласында өз орындарын табуда.

Ғылымдағы парасатыңызбен, ұстаздық болмысыңызбен, адами асыл қасиеттеріңізбен әрдайым көпке үлгі болып келесіз. Саналы ғұмырыңызды ғылым мен білімге, оқу-ағарту саласына арнаған еңбегіңіз – кейінгі ұрпақ үшін өнеге.

Алдағы уақытта да зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілей отырып, бай тәжірибеңізбен, салиқалы ойыңызбен, ғылыми еңбектеріңізбен ел игілігіне қызмет ете беруіңізге тілектестігімізді білдіреміз!

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, қадірлі қонақтар! Ендігі кезекте сіздердің назарларыңызға мерейтой иесі - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Сара Бахтиярқызының өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметіне арналған бейнероликті** ұсынамыз.

Қошеметпен қарсы алыңыздар!

Төраға: Бахтиярова Сара Бахтиярқызының еңбек жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі туралы баяндама жасау үшін алғашқы сөз кезегі – филология ғылымдарының кандидаты, тілтанушы ғалым **Сарышова Күлдірсін Сейітжанқызына** беріледі.

К.С. Сарышова: Бахтиярова Сара Бахтиярқызы 1956 жылы 1 ақпанда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Балаби ауылында дүниеге келген.

Балаби ауылындағы №50 Абай атындағы орта мектепті үздік бітірген. 1974 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, 1978 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 1978 жылы орта мектепте мұғалім қызметінен бастап, 1978–1992 жылдары жалпы білім беретін мектептерде ұстаздық қызмет атқарған. 1993 жылдан бастап жоғары оқу орнында аға оқытушы, кейін кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Қазіргі уақытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында доцент болып қызмет етеді.

2003 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы көркемдік-стильдік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

Ғалымның «Балалар әдебиеті», «Ақпараттық оқыту технологиясы негізінде заң терминдерін оқыту жолдары» атты оқу құралдары, бірнеше оқу-әдістемелік еңбектері және бір монографиясы жарық көрген. Автордың 70-тен астам ғылыми мақаласы халықаралық және республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты – Абайтанудың өзекті мәселелері. Осы бағыттағы еңбектерінде Абайдың дүниетанымындағы адам мәселесі, оның ұлттың ұлы тұлғасы ретіндегі орны, Абай және Алаш, Абай мен Мағжан, Бернияз Күлейұлы шығармаларындағы идеялық-рухани үндестік, Абай мен Пушкин арасындағы әдеби байланыс, сондай-ақ Абайтанудағы ақтандақ мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Сонымен қатар халық ауыз әдебиеті пәні аясында «Батырлар жырындағы тұтастану құбылысы», қазақ фольклорындағы антикалық сарындар, халық ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар туралы ғылыми мақалалар жариялаған.

Ұзақ жылдар бойғы педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметі үшін Бахтиярова Сара Бахтиярқызы бірқатар марапаттарға ие болған. Атап айтқанда:

- «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы» медалі;
 - «Қорқыт ата атындағы Алтын медаль»;
 - Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы»;
 - «Үздік түлек»;
 - «Үздік ұстаз»;
 - «Үздік оқытушы» төсбелгілерімен марапатталған.
- Сондай-ақ университеттің 70 және 75 жылдық мерейтойлық медальдарының иегері.

Төраға: Құрметті әріптестер, қадірлі қонақтар! Есімі үлкен әріппен жазылатын ғалымға, ұстазға, азаматқа лайықты құрмет көрсету, еселі еңбегіне ризашылық білдіру – ең әуелі ұжымға парыз. Олай болса, **құрметті Сара Бахтиярқызы**, өзіңізге университеттің Адресатын, табыстауға және халқымыздың дәстүріне сәйкес иығыңызға шапан жабуға рұқсат етіңіз!

Төраға: Келесі сөз кезегі Сара Бахтиярқызының 70 жылдық мерейтойымен құттықтау үшін Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Каюпов Руслан

Мұхамедәліұлына, «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Базартай Жандос Нұртайұлына, И. Абдикаримов атындағы жоғары колледжінің директоры Абайбек Талғатұлына, және Орда жоғары колледжінің оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары Алайдар Сануарұлына, №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Микеева Ләззат Есенқызына, Облыстық кәсіподақ төрайымы Есқалиева Гүлнар Бабабековнаның іс-сапарда болуына байланысты арнайы адресатты тапсырып, құттықтау үшін Университет кәсіподақ ұйымының төрағасы Оразбақов Айтжан Жұмабайұлына беріледі.

Құттықтаушылар шынайы лебіздері мен жүрекжарды тілектерін білдірді.

Төраға: Келесі сөз кезегі Гуманитарлық-педагогикалық институтының директоры Сағат Тамшыбайұлы Тайманға және институтқа қарасты БББ жетекшілеріне беріледі. Және де Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының ардагер ұстазы Жеңіс Сәдуақасұлы, Ғылыми кеңес мүшесі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жанбершиева Ұлжан Нахатқызына беріледі.

Төраға: Рақмет, Сағат Тамшыбайұлы, Жеңіс Сәдуақасұлы және Ұлжан Нахатқызы!

Келесі сөз кезегі мерейтой иесі Сара Бахтиярқызының ақын шәкірттері — талантты шәкірттеріне берілді. Олар өздерінің жүрекжарды жырларын арнап, елең жолдары арқылы ұстазға деген ыстық ықыластарын білдірді.

Төраға: Рақмет, жас ақындар! Шығармашылықтарыңызға шабыт, қаламдарыңызға қуат тілейміз!

Төраға осыдан соң сөз кезекті салтанатты жиынның басты иесі – университетіміздің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сара Бахтиярқызына сөз берді. Соңында төраға ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісін қорытындылап өз ризашылығын білдірді.

Төраға: Құрметті Сара Бахтиярқызы, мерейлі жасыңыз тағы да құтты болсын!


Сіз еселі еңбегіңізбен, ғылым мен білім жолындағы табанды ізденістеріңізбен, қарапайым да парасатты болмысыңызбен әріптестер мен шәкірттер арасында зор абырой-беделге иесіз. Осындай мерейлі сәтте ортаңызға сыйлы, ел құрметіне бөленген қалпыңызда әлі де талай жылдар ғылым мен білім саласына қызмет ете беруіңізге шынайы тілектестігімізді білдіреміз. Әрдайым мерейіңіз үстем болып, ел-жұрттың ыстық ықыласына бөлене беріңіз!

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, молшылық пен бақ-береке тілейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Бүгінгі салтанатты жиынға келіп, қатысқандарыңызға үлкен рақмет!

Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.

Ғалым хатшы



Д.М.Абдрашева

Л.А.Жусупова

Ғылыми кеңеске қатысқан мүшелер
№ 15 мәжіліс, Өту мерзімі: 05.01.2026 ж. Сағат:16.00

№	Аты-Жөні-Тегі
1.	Абдрашева Дана Мейрамовна
2.	Бурибаева Майнура Абильтаевна
3.	Айтимов Мурат Жолдасбекович
4.	Бердалиева Гульзат Кыстаубаевна
5.	Уразбаев Нурлан Жеткергенович
6.	Кошкарлов Серикбай Иманбайұлы
7.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы
8.	Сактаганова Наргуль Амановна
9.	Омаров Қали Әбдіұлы
10.	Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы
11.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы
12.	Тайман Сағат Тамшыбаевич
13.	Тоқтағанова Гулжас Баданқызы
14.	Кулмурзаев Нурлан Серикович
15.	Абжалелов Бахытбек Байдосович
16.	Мирманов Наку Бахаутдинович
17.	Исаева Айнура Женисовна
18.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы
19.	Ильясова СамалМырзамуратовна
20.	Жаппасбаев Алибек Бахытжанович
21.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы
22.	Калиев Бакыт Калиевич
23.	Абжаев Марат Мәлікұлы
24.	Майгельдиева Шарбан Мусабековна
25.	Кожамберлиев Баймырза
26.	Жанбершиева Улжан Нахатқызы
27.	Нурмағамбетов Нурлан Шарипович
28.	Әбікенов Жаркынбек Оралбекұлы
29.	Билалов Сейдали Умиртаевич
30.	Смагулова Жанна Баглановна
31.	Абдуллахан Зарина Ержепқызы
32.	Прохорова Виктория Сергеевна
33.	Жусупова Ләйля Ажибаевна